

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2019 жылғы 4 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
С.ОМАРОВҚА

Депутаттық сауал

Құрметті Сапархан КЕСІКБАЙҰЛЫ !

Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында елімізде агрокешеннің дамуына жаңа серпін беру маңыздылығы, оның ішінде мал азығындық дәнді дақылдар өсімін арттыру міндетіне айрықша мән берілген.

Өткен шақырылымда бір топ депутаттардың сауалына орай еліміздің Оңтүстік Шығыс өңірлерінде, атап айтқанда - Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында дәндік және мал азығындық жүгері өсіруге субсидия беріліп, жүздеген шаруа қожалықтардың еңсесі көтеріліп, жүгері алқаптары жайқалып, көптеген дала еңбеккерлері берекеге кенеліп қалып еді.

Жаркент қаласында жаңа технологиялық негізде жүгері өңдеу зауыты да жаңа қарқынмен жоғары тиімділікпен жұмыс істеп, мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып келеді.

Өкінішке орай, жылдан жылға жүгері дақылының ауыл шаруашылығындағы маңыздылығының арта түсуіне қарамастан, ешқандай себепсіз, негізсіз - жүгері өсірушілердің еңбегін ынталандырып, ол дақылды өсіру өрісін кеңейте түсудің орнына соңғы жылдары жүгері өсірушілерге арналған субсидия алынып тасталған. Оның орнына ешқандай басқа қолдау шаралары белгіленбеген. Жүгері өнімдерін сатып алу бағасы мемлекет бақылауынан тыс қалып, ешқандай негізсіз төмен түсіріліп, құнсызданған. Қазіргі бағалар шығындарды өтемек түгілі жүгерішілерді қарызға белшеден батырмақ. Бұл – әділетсіз, әрі

негізсіз деп есептейміз. Жазғы кездесулерде, әсіресе биылғы жылдың ауа райының өте қасандығына, су тапшылығына, ұзақ мерзімді аптап ыстық қуаңшылық жағдайында **жүгері өсірушілердің мемлекет тарапынан ешқандай қолдау, көмек көрмеуі** – мыңдаған еңбек адамдарының меселін қайтарып, үмітін үзіп, шарасыздыққа тіреп тұр.

Дәндік және мал азығындық жүгері өсіру тек жүгерішілерге ғана қажет емес, бүкіл ауыл шаруашылығы кешеніне, ет, мал өсіруге ел әлеуетіне қажет екендігін айтып жату артық болар.

Жүгерішілерге шұғыл көмек қажет!

Атап айтқанда:

Бірінші – елімізде жүгері дақылын өсіруге субсидия беру, тағы басқа ынталандыру шараларын қайта қарап, олардың тиімділігін белгілеу қажет.

Екінші – жиналған өнімді сатып алу бағаларына мемлекет тарапынан бақылауды орнықтырып, әділдікпен қалпына келтіру мәселелері бойынша нақты әрі тиімді шешімдер қабылдауыңызды өтінеміз.

Сондай-ақ бейнетпен өсірілген өнімді дер кезінде жинап алуға қажетті техника жабдықтары, жанар, жағар майға жеңілдік шараларын жоспарлау да қажет.

Жауабын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде және болашақта қабылданатын жаңа шараларыңыз жайлы жазбаша беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Nur Otan» фракциясының
депутаттары**

Қуаныш СҰЛТАНОВ

Мұрат ТЕМІРЖАНОВ

Альберт РАУ

орынд. О.Балашов
тел. 74-64-14, 74-62-46
эл.почта: balashov@parlam.kz